

**ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің  
«М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты» ШЖҚ РМК мен  
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің  
«Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-  
мемориалдық музей-қорығы» РМҚК арасындағы  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ  
МЕМОРАНДУМ**

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы Ынтымақтастық пен өзара түсіністік туралы Меморандум (бұдан әрі – Меморандум) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны атынан бас директор Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы мен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы» РМҚК атынан директор Сагадиев Улан Болатович, бұдан әрі «Тараптар» арасындағы қарым-қатынасты бекітеді.

1.2 Тараптар осы Меморандумды әдебиет пен өнер бағыты бойынша қызмет көрсету саласындағы өзара тиімді ынтымақтастық пен ғылыми байланыстарды жақсарту мақсатында бекітеді.

## **2.МЕМОРАНДУМНЫҢ МАҚСАТЫ**

2.1. Осы Меморандум Тараптар арасындағы ұзақ мерзімді және өзара тиімді қарым-қатынасты дамыту, сондай-ақ әдебиет пен өнер саласындағы ғылыми-зерттеу, мәдени-ағартушылық, ақпараттық-танымдық және білім беру жобаларын жүзеге асыруды көздейді.

2.2. Тараптар музей ісі, бірлескен көрмелер, экспозициялар және мәдени іс-шаралар өткізу, ғылыми зерттеулер, өзара тәжірибе алмасу, шығармашылық және ғылыми ресурстарды бірлесе пайдалану арқылы ұлттық мәдени мұраны сақтау, зерделеу және насихаттауға күш салады.

## **3.КЕЛІСІМНІҢ МӘН-МАҢЫЗЫ**

Келісімнің мән-маңызына әдебиет пен өнер салаларындағы зерттеу жұмыстары және түрлі іс-шаралар өткізу, мәдени бағдарламалар, мамандардың кәсіби деңгейлерін көтеру, қазіргі ғылым саласындағы өзекті мәселелерді жетілдіру және ғылымға қызығушылықты арттыру тәрізді ортақ мүдделер ескерілетін Тараптардың ынтымақтастығы жатады.

## **4. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Осы Меморандум шеңберінде Тараптар төмендегі бағыттар бойынша ынтымақтастық орнатуға және дамытуға ниетті:

### **4.1. Ғылыми-зерттеу қызметі**

- Қазіргі қазақ әдебиеті мен өнерінің даму үдерістеріне қатысты ғылыми зерттеулер жүргізу;
- Музей қорындағы әдеби және өнер туындыларын ғылыми тұрғыда зерттеп, оларды ғылыми айналымға енгізу;
- Құнды қолжазбалар мен сирек мұрағаттық материалдарды зерттеу үшін бірлескен жобалар ұйымдастыру.

### **4.2. Мәдени-ағартушылық қызмет**

- Әдебиет және өнер саласындағы қайраткерлерге арналған бірлескен көрмелер мен жобалар әзірлеу;
- Ұлттық рухани мұраны насихаттауға бағытталған кешенді іс-шаралар өткізу (халықаралық, республикалық конференциялар, әдеби кештер, шығармашылық кездесулер, және т.б.);
- Қоғамдық мәдени сананы қалыптастыруға бағытталған интерактивті жобалар мен бағдарламаларды іске асыру.

### **4.3. Ақпараттық және баспа ісі**

- Бірлескен ғылыми жинақтар, каталогтар, мақалалар мен зерттеу еңбектерін дайындап, басып шығару;
- Ақпараттық ресурстармен (библиография, дерекқорлар, цифрланған материалдар) өзара алмасу;
- Жаңа басылымдарды бірлесіп таныстыру, рецензиялау және талқылау.

## **5. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ**

5.1 Осы Меморандум аясында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамаларына, басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сүйенеді және тең құқықтық, ашықтық және қайырымдылық қағидаттары негізінде өзара әрекеттестікті жүзеге асырады. Осы Меморандум бойынша барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың келісімімен жазбаша түрде ресімделеді.

## **6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

6.1 Тараптар осы Меморандум аясындағы қандай да бір әрекеттерден Тараптардың бірінің қандай да бір құқығы мен өкілеттілігіне қысым жасалмауы тиістігін алға тартады.

6.2 Осы Меморандумның қолданыс аясына қатысты мәселелер бойынша Тараптар арасындағы талас-тартыстармен қайшылықтар Тараптардың өзара келіссөздер мен кеңестер жүргізу жолымен шешіледі. Осы Меморандум аясында операциялар жүргізу үшін бекітілген келісімшарттарды (шешімдерді) жүзеге асыру барысында туындайтын талас-тартыстар мен қайшылықтарды шешу тәртібі аталған келісімшартпен (келісіммен) белгіленеді.

6.3 Осы Меморандумға қосылатын өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өкілетті тұлғаларының қолы қойылып, жазбаша түрде ресімделеді және осы Меморандумның ажырамас бөлігіне айналады.

## 7. ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ

7.1 Осы Меморандум екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл бойы қолданыста болады, сондай-ақ қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін ұзартылатын болады. Тараптардың бірі меморандумды тоқтатуға ниет танытқан жағдайда, екінші тарапқа қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын жазбаша түрде мәлімдеуі тиіс.

7.2 Меморандум мәтіні 2 (екі) данамен әзірленді, әрбір тарапқа 1 (бір) данадан.

## ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ:

ҚР Ғылым және жоғары білім  
министрлігі Ғылым комитетінің  
«М.О. Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институты»  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы республикалық  
мемлекеттік кәсіпорны

Мекен-жайы:  
Қазақстан Республикасы, 050010,  
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28 үй  
Тел.: 8(727) 272-74-11;  
E-mail: info@litart.kz

Бас директор



К. І. Матыжанов

ҚР Мәдениет және ақпарат  
министрлігі Мәдениет  
комитетінің «Абайдың  
«Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік  
тарихи-мәдени және әдеби-  
мемориалдық музей-қорығы»  
РМҚК

Мекен-жайы:  
Қазақстан Республикасы,  
Абай облысы, Семей қ.,  
Қ.Мұхамедханов көшесі, 29 үй.  
Тел.: 8 (7222) 32-17-01  
E-mail: abai-museum@mail.ru

Директор



У.Б. Сагадиев

«21» сәуір 2026 ж.